

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы**

Академияның Ғылыми
кеңесінің 2022 жылғы
25 ақпандағы шешімімен
бекітілді, № 12 хаттама

**«8D03115 - Халықаралық қатынастар»
докторантура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «8D03115 – Халықаралық қатынастар» докторантура білім беру бағдарламасы (дайындау бағыты «8D031 – Әлеуметтік ғылымдар»)

2. Оқу мерзімі: 3 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 185

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама сыртқы саяси талдаудың заманауи халықаралық теориялары мен әдістерін зерделеу негізінде халықаралық қатынастардың өзекті тақырыбы бойынша жеке ғылыми зерттеу жүргізуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басымдықтарын айқындайтын стратегиялық құжаттар – Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына және Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделеді.

Бағдарламаның оқу жоспары қазіргі заманға бейімделген және білім алушылардың өзіндік жеке эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне бағытталған. Нәтижелі әлемдік практиканы жүйелі меңгеруді, сыртқы саясат және халықаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін дамытуды зерттеу құралдарының мүмкіндіктерімен үйлестіреді.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: сыртқы саясат және халықаралық қатынастар саласында ғылыми-зерттеу және кәсіби-басқару қызметін тиімді жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

1) халықаралық қатынастар жүйесіндегі процестердің дамуын талдау, олардың Қазақстан Республикасына әсерін бағалау және болжау үшін қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу әдістемелерін тиімді пайдалануға үйрету;

2) халықаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін кәсіби құзыреттерді дамыту;

3) зерттеу нәтижелерін мемлекеттік органдардың практикасына енгізу мүмкіндіктерімен сыртқы саясат және халықаралық қатынастар саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағдарланған ғылыми зерттеу жүргізу үшін зерттеу құзыреттерін дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- заманауи оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, мамандардың кәсіби даярлық деңгейін арттыру үшін мамандық бойынша практикаға бағытталған пәндер;

- Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысын (диссертациясын) танымал халықаралық сарапшылар мен тәжірибелі практик мамандардың ғылыми жетекшілігімен орындау;

- ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту – зерттеу әдістері мен дизайнын зерделеу, зерттеу практикасынан өту;

- халықаралық қатынастар мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының өзекті мәселелері бойынша шақырылған мамандардың дәрістеріне/workshops-на қатысу, халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысу;

- пәндерді үш тілде оқыту: қазақ, орыс және ағылшын;

Бағдарламаны іске асыру бойынша серіктес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

Шетелдік серіктестер: Вена дипломатиялық академиясы (the Diplomatische Akademie Wien – Vienna School of International Studies); Өмірліктердің Дипломатиялық академиясы (the Emirates Diplomatic Academy) және басқа да жетекші дипломатиялық мектептер.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

Құзыреттерді қалыптастыру/дамыту:

1) Стратегиялық ойлау/жүйелі басқару – даму сценарийін, ықтимал салдарлар мен тәуекелдерді ескере отырып, өзінің мемлекеттік органының тұрақты дамуы үшін ұзақ мерзімді шешімдерді жоспарлайды, болжайды және қабылдайды; өзінің мемлекеттік органының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін ең аз шығын шығара отырып және қысқа мерзімде дәйекті шешімдер қабылдау арқылы процестер мен ресурстарды (материалдық, қаржылық, адами және т.б.) тиімді басқара алады.

2) Көшбасшылық және эмоционалды интеллект – қызметкерлерді мемлекеттік органның мақсаттарына тиімді қол жеткізуге шабыттандырады және тартады, оның ішінде өз үлгісі арқылы; эмоцияларды тани біледі, басқа адамдардың және өзінің ниеттерін, уәждері мен тілектерін түсінеді, сондай-ақ практикалық міндеттерді шешу мақсатында өзінің эмоциялары мен басқа адамдардың эмоцияларын басқарады.

3) Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл – мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестермен, басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен сындарлы өзара қарым-қатынас құрады (орнатады).

4) Талдау және шешімдер қабылдау – сандық, вербалдық және басқа да ақпаратты талдайды, барлық өзара байланыстарды ескере отырып, жеке міндетті (тапсырманы) немесе проблеманы жалпы процестің бір бөлігі ретінде қарайды; кейіннен тиімді шешімді уақтылы қабылдай отырып, жағдайды (ақпаратты) жан-жақты талдай алады.

5) Инновациялылық және өзгерістерді басқару – инновациялық тәсілдемелерді әзірлейді, бірегей шешімдерді табады, әрекеттердің бірнеше нұсқаларын ұсынады, қалыптасқан түсініктерге күмән келтіреді; өзгерістерді, соның ішінде қызметкерлерді даярлау, оқыту және қолдауда құрылымдалған тәсілдемені қолдану жолымен тиімді енгізеді.

6) Бастамашылдық және креативтілік – қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа идеяларды ұсынады; дәстүрлі ойлау схемаларынан алыс болады, күрделі мәселелерді шешудің бірегей амалдары мен тәсілдерін табуға қабілетті, қоршаған болмысты өзгертуге тікелей қатысады.

7) Цифрлық ойлау – кәсіби қызметте оның тиімділігін арттыру үшін цифрлық ресурстарды пайдаланады, цифрлық құралдардың көмегімен дамыту тәсілдері мен міндеттерді шешу жолдарын табады.

8) Технологиялық хабардарлық – қазіргі заманғы технологиялар саласындағы жаңашылдықтар мен үрдістерден хабардар болу; кәсіби қызметте қазіргі заманғы технологиялар құралдарын қолдана білу.

9) Толеранттылық/әралуандылықты құрметтеу – мәдени және діни әралуандылық қағидаттарын құрметтейді; шетелдік ортаға тиісінше бейімделе алады.

Оқыту әдістері, формалары, технологиялары: пікірталастар мен талқылаулар, ойындар, team teaching, case-study, blended learning, group quizzes, mind mapping, host debates, problem essay, brainstorming, in-basket, interactive workshops, situational analysis.

8. Бағдарламаның құрылымы мен академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
---------	--------------	------

1	Сапалық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Сандық зерттеу әдістері: құралдар жинағы және мәліметтер жинау	2
	Академиялық жазылым және зерттеу дизайны	2
	Халықаралық қатынастар саласындағы зерттеулерге әдіснамалық тәсілдер	3
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	19
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
2	Сапалық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	1
	Сандық зерттеу әдістері: деректерді өңдеу және талдау	2
	Қазіргі геосаяси процестер	3
	Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы тұжырымдамалары	3
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	2
	Өндірістік практика	5
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	15
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
3	Зерттеу қызметін жобалау	1
	Халықаралық конфликтология	3
	Өндірістік практика	10
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	18
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
4	Зерттеу қызметін жобалау	1
	Мегатрендтер мен жаһандық проблемалар	3
	Тағылымдама	3
	Өндірістік практика	5
	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	20
4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
5	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	30
5 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
6	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)	18
	Қорытынды аттестация (докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау)	12
6 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		50
Қорытынды аттестация (докторлық диссертация жазу және қорғау)		12
Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ДЭЗЖ)+тағылымдама		123
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		185